**Қазақстан Республикасында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1693 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 1315 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.12.2014 № 1315 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-әрекет шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында 2000-2001 жылдарға арналған нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі мемлекеттік бағдарлама туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында есірткі құралдары психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже);

2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

3) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар өнімдердің транзитіне Рұқсаттар нысандары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18 N 947, 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары лауазымды адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қаңтардағы N 35 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында Рұқсат беру жүйесі туралы ережедегі:

8 және 12-тармақтарындағы "есірткілі заттар" деген сөздер алынып тасталсын;

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12 N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті 2001 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиаттар қызметін осы қаулыда көзделген талаптарға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.01.30 N 151, 2001.02.16 N 247 Қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетіне 2001 жылғы 1 маусымға дейін есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке уақытша рұқсаттар беру құқығы берілсін.

Ескерту. Қаулы 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.16 N 247 Қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1693 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру Ережесі

Ескерту. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі (әрі қарай - Агенттік)", "Агенттік", "Агенттігімен", "Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігімен", "Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігіне" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті (әрі қарай - Комитет)", "Комитет", "Комитетімен", "Комитет", " Комитетіне", "Комитетінің", "Комитетпен", "Комитетіне" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.30 N 151 Қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі: "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен" деген сөздермен, "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздермен, "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі", "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі", "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің" , "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен" деген сөздермен, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен", " Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігімен", " Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.03 N 893 қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі "Кедендік бақылау агенттігімен", "Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен", " Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.13 N 38 Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасының есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес әзірленді.

Ереже есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымына мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау), сондай-ақ заңсыз айналымнан алынып қойылған заттар мен құралдарды бақылауды жүзеге асыру

тәртібін белгілейді.

Құрамында есірткі құралдар, психотроптық заттар бар өсімдіктерді өсіруге, жинауға және дайындауға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы N 186 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімінің I, II, III және IV кестелеріне (бұдан әрі - Тізімнің I, II, III, IV кестелері) енгізілген құралдар мен заттарды жасауға, өндіруге, ұқсатуға, әкелуге, әкетуге, транзиттеуге, тасымалдауға, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, бөлуге, сатуға, жоюға, медициналық, ғылым және оқу мақсаттарында, сарапшылық қызметте және криминалистік зерттеулер жүргізуде пайдалануға мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады. <*> Қараныз Z980279

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 947 қаулысымен.

## 2. Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

2. Мемлекеттік бақылаудың негізгі бағыттары мен нысандарын айқындауды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыруды және үйлестіруді Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) мына мүдделі мемлекеттік органдармен:

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен;

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен;

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен бірлесіп, олардың құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23 N 695,

2004.03.03 N 261, 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## 3. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нысандары мен тәртібі

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1961 жылғы "Есірткі құралдары туралы", 1971 жылғы "Психотроптық заттар туралы", 1988 жылғы "Есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы" конвенцияларының (бұдан әрі - БҰҰ Конвенцияларының) талаптарына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылаудың негізгі нысандары мыналар болып табылады:

1) квоталау:

есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға халықаралық квота - БҰҰ-ның Есірткілерді бақылау жөніндегі халықаралық комитеті (бұдан әрі - БҰҰ ЕБХК) Конвенцияларға мүше елдер үшін жыл сайын осы елдердің үкіметтері ұсынатын есірткі құралдарының, психотроптық заттарға, прекурсорларға қажеттілік есебі негізінде бекітетін олардың мөлшері;

есірткі құралдарына және психотроптық заттарға, прекурсорларға мемлекеттік квотаны (Қазақстан Республикасының қажеттілік нормасы) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және бекітеді және халықаралық шарттарға сәйкес есірткі құралдарына, психотроптық заттарға қажеттілік есебі шегінде олардың айналымы жүзеге асырылатын есеп негізінде Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квотаны БҰҰ ЕБХК-інің бекітуіне жіберіледі. <*>

2) бөлу:

есірткі құралдарын және психотроптық заттарды бөлу - бұл республиканың ішкі рыногын көрсетілген құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған және бөлінген квоталар шегінде әртүрлі ведомстволардың кәсіби қызметін жүзеге асыруға кепілдік беретін іс-шаралар.

Тізімнің II кестесіндегі есірткі құралдары, психотроптық заттар бөлуге жатады.

Бөлуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде Агенттік жүзеге асырады.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды бөлудің негізгі қағидаттары кәсіпорындар мен ұйымдардың қалыпты қызметі үшін қажет, бірақ олардың 6

айлық қорынан аспайтын мөлшерде, осы құралдарға аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Б ө л у :

қамтамасыз ету нормативінен;

тұтыну нормативінен тұрады.

Қамтамасыз ету нормативтері отандық өндіруші кәсіпорындар мен әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін бекітіледі.

Келесі күнтізбелік жылға қамтамасыз ету нормативтерін есептеу мен бекіту есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өндіру және оларды көтерме сату жөніндегі қызметке лицензиясы бар заңды тұлғалардың өтініштері негізінде Комитет белгілейтін тәртіппен жүргізіледі. Келесі күнтізбелік жылда қызметті жүзеге асыруға қажетті есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың тізбесі мен мөлшері бар өтініштер тұтынушылармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың көшірмелері қоса беріліп, Агенттікке ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Отандық өндіруші кәсіпорындар өндіретін және Қазақстан Республикасының аумағына келесі күнтізбелік жылғы әкелінетін Тізімнің II кестесіндегі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың тізбесі мен мөлшері көрсетілген жазба қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты болатын көрсетілген ұйымдар лицензиясының қосымшасына ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін енгізіледі.

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар өнімнің белгілі бір мөлшерлерін әкелуге рұқсат (бұдан әрі - Рұқсат) (1-қосымша) заңды тұлғаға қатаң бақылауда болатын есірткі құралдары, психотроптық заттар айналымы саласында қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензияның қосымшасында көрсетілген қамтамасыз ету нормативтері негізінде ресімделеді.

Т ұ т ы н у н о р м а т и в т е р і :

қызметі лицензиялануға жататын нақты тұтынушы ұйымдар ( емдеу-профилактикалық, дәріхана, мал дәрігерлік, оқу және ғылыми-зерттеу ұйымдары және басқалары) үшін нормативтері көрсетіле отырып, республиканың әкімшілік-аумақтық бірліктері;

Тізімнің II кестесіндегі есірткі құралдары, психотроптық заттар айналымы саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын мүдделі министрліктер мен ведомстволар, ұйымдар (сарапшылық, криминалистік және жедел-іздестіру қызметі) үшін бекітіледі.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тұтыну есебін жоғарыда аталған қызметті жүзеге асыратын органдар жыл сайын жоғары тұрған ұйымға өтінімдер беру арқылы табыс етеді, ал содан соң жинақталған өтінімді жоғары тұрған орган

ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін тиісінше Агенттікке табыс етеді.

Агенттік тұтыну нормативтерінің негізділігін тексереді, Қазақстан Республикасының тұтастай қажеттілігін есептейді және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бекіту үшін Үкіметке енгізеді.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тұтынудың республикалық нормативін Агенттік заңды тұлғалардың арасында олар үшін қамтамасыз ету нормативтерін бекіту арқылы бөледі.

Қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын ұйымдардың (сарапшылық, криминалистік және жедел-іздестіру қызметі) тұтыну нормативтерін аймақтық және республикалық деңгейдегі ұйымдар үшін тиісті министрліктермен келісім бойынша Агенттік бекітеді;

3) есепке алу және есеп беру:

Агенттік БҰҰ ЕБХК-іне:

Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына, психотроптық заттарға қажеттілігін жылдық есептерін;

есірткі құралдардың, психотроптық заттардың және прекурсорлардың жұмсалуы туралы тоқсандық есептерін;

өндіру, дайындау, тұтыну, қорлары мен тәркілеу туралы жылдық статистикалық деректерді табыс етеді.

Қазақстан Республикасында кез келген мақсаттар үшін есірткі құралдарын және психотроптық заттарды өндірудің және әкелудің (әкетудің) жиынтық деректері Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік квотадан аспайды.

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке лицензиясы бар заңды тұлғалар:

тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне белгіленген нысан бойынша лицензиар органға бақылаудағы заттардың айналымы туралы есеп ұсынады (4-қосымша);

Тізімнің II, III, IV кестелеріне енгізілген есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлар санының, жай-күйінің өзгеруіне байланысты кез келген операцияларды арнайы журналға тіркейді. Есепке алу журналының беттері нөмірленіп, тігіліп, мөрмен және Комитеттің жауапты адамының қолымен расталады (9-қосымша). Журнал толық толғанға дейін жүргізіледі және оған соңғы жазба түсірілген күннен бастап он жыл бойы сақтайды;

әрбір айдың 1-күніндегі жағдай бойынша өздерінің иелігіндегі есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға түгендеу жүргізеді. Нақты саны кітаптағы қалдықпен салыстырылады және салыстырып тексеру актісінде көрсетіледі (10-қосымша). Нәтижелердің алшақтығы немесе сәйкес

болмауы туралы ақпарат салыстырып-тексеру актісі жасалған сәттен бастап үш күн мерзімде лицензиар мемлекеттік органның назарына жеткізіледі;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың кірісі мен жұмсалуына қатысты барлық құжаттарды (шот-фактуралар, жүк құжаттар, сенімхаттар және өзгелер) осы құжаттаманың толық сақталуына кепілдік беретін жағдайларда кәсіпорында олардың сақталуына жауапты адамда сақтайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.23 N 79, 2003.09.18. N 947, 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5. Көрсетілген мемлекеттік квоталарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Агенттік мүдделі министрліктердің немесе ведомстволардың ұсынысы бойынша жүзеге асырады.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың айналымымен байланысты қызмет түрлеріне лицензия иелері заңды тұлғалар осы Ережеде белгіленген нысан мен тәртіпте мынадай нысандар бойынша:

әкелу (әкету) жүзеге асырылған мемлекеттерді көрсете отырып әрбір өндірілген, дайындалған, әкелінген (әкетілген) есірткі құралдарының немесе психотроптық заттардың мөлшері туралы тоқсандық есептерді;

Тізімнің III кестесіне енгізілген өсірілген немесе ұқсатылған өсімдіктердің мөлшерін, әрбір өндірілген, дайындалған, әкелінген (әкетілген), сатылған не пайдаланылған есірткі құралдарының және психотроптық заттардың және прекурсорлардың мөлшерін, сондай-ақ есірткі құралдарының және психотроптық заттар қорларының есеп беретін жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мөлшерін көрсете отырып, өткен күнтізбелік жыл ішіндегі қызмет туралы есепті табыс етуге міндетті.

Есептер деректерінің негізінде әрбір аймақ бойынша және әрбір заңды тұлға бойынша тұтыну нормативтері белгіленеді.

Мемлекеттік квоталарда белгіленген шектерде өсімдіктерді өсіру, өндіру туралы, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды дайындау туралы, әкелу (әкету), сату туралы не пайдалану туралы жыл ішіндегі жиынтық деректер осы Ережеде белгіленген нысан мен тәртіпте табыс етіледі.

6. Агенттік есеп беретін кезеңнен кейінгі айдың 25-іне қарай қатаң бақылауға жататын есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен жұмыс істеуге құқығы бар жұмыс істейтін заңды тұлғалардың саны туралы есепті жасайды.

7. Мүдделі мемлекеттік органдар бекітілген ведомстволық немесе ведомствоаралық жоспарларға сәйкес жылына бір рет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шаралар қабылдау үшін меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғаларда Тізімге енгізілген есірткі

құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы тәртібінің сақталуына бөлек не бірлескен тексерулерді жүзеге асырады.

8. Тексеру жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде:

1) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардан есірткі құралдарымен, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сапасын сипаттайтын техникалық құжаттаманы, сондай-ақ оларға сараптама жүргізу үшін аталған өнімнің техникалық негізделген мөлшердегі үлгілерін алуға;

2) есірткі құралдарымен, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған кемшіліктерді жою туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нұсқамалар беруге;

3) бекітілген стандарттар мен нормативтік құжаттама, сондай-ақ лицензиялау шарттары болмаған немесе бұзылған жағдайда заңды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қызметін тоқтата тұруға;

4) есірткі құралдарымен, психотроптық заттар мен және прекурсорлардың айналымын реттейтін заңнаманы және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді бұзғандығы үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныстар енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүргізу жөніндегі қызметін үйлестіруді;

2) денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты: тасымалдау, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою қызметі түрлерінен басқа есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметтің барлық түрін уәкілетті мемлекеттік органдармен олардың құзыреті шегінде келісімге отырып лицензиялауды, сондай-ақ белгіленген квоталар шегінде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды әкелуді (әкетуді) және оларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуді реттеуді ( Рұқсат береді) (бұдан әрі - әкелуге (әкетуге) Рұқсат (сертификат);

3) мемлекеттік бақылау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданып практикасын қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 695

қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.03. N 893 қаулысымен.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 947 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 261 қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша):

1) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласында Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңнамасы мен Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің дәл және бірыңғай қолданылуын, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылдарды қадағалауды жүзеге асырады;

2) жедел-іздестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын басқа да құқық қорғау органдарымен заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде өзара іс-қимыл жасайды және олардың есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметін, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылдарын үйлестіреді.

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша):

1) ұлттық қауіпсіздік органдарының есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиясын әзірлейді және қызметінің тактикасын белгілейді;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізу, дайындау, ұқсату, тасымалдау, жөнелту мақсатында контрабандалық алып өтудің, заңсыз сатып алудың немесе сақтаудың не өткізудің алдын алады, анықтайды, жолын кеседі және фактілерін тексереді және осы мақсаттарда жедел-іздестіру шараларын жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымының Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуі жолын кесуге бағытталған арнайы бақылау іс-шараларын жүргізу жөніндегі қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

4) ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҰҚК шекара әскерінің кинологиялық қызметі үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттілік нормасын айқындайды және заңнамада белгіленген тәртіппен бекіту үшін оларды табыс етеді.

12. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың

айналымы, олардың заңсыз айналымы және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге бағытталған ішкі істер органдарының қолданылып жүрген заңнамада көзделген ұйымдастырушылық және қызметін реттейтін арнайы бақылау іс-шараларын жүзеге асырады;

2) "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптарына объектілер мен заңды тұлғалар қызметкерлерінің сәйкестігін тексеруді, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы үшін пайдаланылатын кез келген үй-жайлардың сәйкестігін тексеруді жүргізеді;

3) ішкі істер органдары жедел-криминалистік бөлімшелердің есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға криминалистік зерттеулер жүргізуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) құрамында Тізімге енгізілген есірткісі бар өсімдіктер өсірілетін жер учаскелеріне тексеру жүргізеді, сондай-ақ оларды жою мақсатында арнайы құрылған бөлімшелермен іс-шаралар жүргізеді;

5) ішкі істер органдарының тергеу және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуі үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ІІМ кинология қызметі үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттілік нормаларын белгілейді және оларды заңнамада белгіленген тәртіпте бекіту табыс етеді.

6) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекетке байланысты заңнаманы талдауды және жетілдіруді жүзеге асырады; <*>

7) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындауды және жасауды қамтамасыз етеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 261 қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі:

1) <*>

2) <*>

3) <*>

4) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына

байланысты мәселелер бойынша стандарттау және сертификаттау саласында қызметті үйлестіреді және халықаралық талаптарға оның сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

5) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар өнімді импорттауға байланысты мәселелер бойынша тауарлар импортын реттеу мен шектеу жөніндегі шараларды әзірлейді;

6) <*>

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23 N 695, 2003.09.03 N 893, 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

13-1. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі:

өнеркәсіп саласында пайдалану үшін есірткі құралдарын психотроптық заттарды және прекурсорларды тұтынудың нормаларын қорытады және белгілейді және оларды белгіленген тәртіппен Комитетке ұсынады;

өз құзыретінің шегінде есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар өндірісінің, сондай-ақ құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлары бар шикізаттарды өңдеу саласына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.23 N 695 Қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) ғылыми-зерттеу ғылыми және білім беру мекемелері есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты өз қызметін жүзеге асырған кезде қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды ғылыми, ғылыми-зерттеу және оқу мақсаттарында пайдалану туралы статистикалық есептерді белгіленген мерзімдерде Агенттікке табыс етеді;

3) ғылыми, ғылыми-зерттеу және оқу мекемелерінің есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттілік нормасын белгілейді және заңнамада белгіленген тәртіпте бекіту үшін оларды ұсынады.

15. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі:

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молайту саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібімен құрамында есірткісі бар өсімдіктердің өсетін жері, өсіру, жинау және дайындау мәселелері бойынша қорытынды береді;

2) құрамында есірткісі бар өсімдіктерге байланысты мәселелер бойынша

қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молайту саласында мемлекеттік зерттеулер бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

3) құрамында есірткісі бар өсімдіктерге байланысты мәселелер бойынша табиғат пайдалануға рұқсат береді;

4) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды жою, көму кезінде қоршаған ортаға әсер ету нормативтерін өз құзыреті шегінде бекітеді немесе келіседі.

16. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды мал дәрігерлікте, сондай-ақ жануарларды аулау үшін пайдалану шарттары мен тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) мал дәрігерлік және жануарларды аулау үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттілік нормаларын белгілейді және заңнамада белгіленген тәртіпте бекіту үшін Агенттікке ұсынады;

3) өсімдіктердегі есірткі компоненттерінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған селекциялық жұмыстарды болдырмау мақсатында тұқым өсіру саласында бақылауды жүзеге асырады;

4) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды пайдалану туралы статистикалық есептерді белгіленген мерзімдерде Агенттікке табыс етеді;

5) жабайы өсетін зығыр мен құрамында есірткісі бар басқа да өсімдіктердің таралуын оқшаулау мен шектеу жөнінде іс-шараларды жүргізуге бақылауды жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында сот-сараптама мекемелері жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық етеді; <*>

2) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын, олардың заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге құқықтық сараптаманы жүзеге асырады;

3) <*>

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын бақылау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдеріне Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің тапсырмасы бойынша ресми түсіндірме беруді жүзеге асырады;

5) сот-сараптама қызметін ұйымдастырады және есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға сот сараптамасы мемлекеттік органдарының сараптамалар жүргізуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік тіркеу саласында заңды тұлғаларды тіркеуді және есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға байланысты қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды есепке алуды заңды тұлғаларды бірыңғай мемлекеттік тіркелім құрамында жүргізуді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 261 қаулысымен.

18. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз айналымының жолын кесуді қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар тауарларға қатысты кеден ережелері мен салық заңнамасының бұзылуын анықтайды;

3) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы туралы мәліметтерге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының сыртқы сауда кеден статистикасын және арнайы кеден статистикасын жүргізеді;

4) кеден органдарының жедел-іздестіру қызметін жүргізуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органдары кинологиялық қызметі үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттік нормаларын белгілейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бекіту үшін оларды ұсынады.

19. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті:

Қазақстан Республикасының аумағында заңды және жеке тұлғалардың темір жол, автомобиль, су көлігі және байланыс құралдарының жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын реттеу бөлігінде олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға жол бермеу жөнінде өз құзыреті шегінде шаралар қабылдайды.

20. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

1) дәрі-дәрмек құралдары, оның ішінде құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар құралдар айналымының тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін, оның ішінде құрамында есірткі құралдары, психотроптық

заттар және прекурсорлар бар дәрі-дәрмек құралдарының сапасына, тиімділігіне, қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, дәрі-дәрмек құралдарының, оның ішінде құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрі-дәрмек құралдарының Мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

4) медициналық мекемелердегі есірткі дәрі-дәрмек құралдарын тұтынудың тізбесі мен нормаларын белгілейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бекіту үшін оларды Агенттікке ұсынады;

5) есірткі дәрі-дәрмек құралдарының медициналық мекемелердегі қозғалысының тәртібін белгілейді және есепке алуды жүзеге асырады;

6) есірткі құралдарын теріс пайдаланатын адамдарды куәландыруға байланысты алдын алу, сауықтыру және бастапқы іс-қимылдарды жүзеге асыру саласында медициналық мекемелердің қызметін ұйымдастыруды және оларға басшылық етуді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен жоғарыда аталған мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

7) денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты: тасымалдау, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою қызметі түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 695 қаулысымен.

21. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

1) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің аймақтық бағдарламаларын әзірлеуді, бекітуді және іске асыруды жүзеге асырады, аталған бағдарламаларды жергілікті бюджет қаражатынан іске асыруға қажетті қаржыландыруды, сондай-ақ есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы, олардың заңсыз айналымы және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында инвестициялар, техникалық және өзге де көмек тартуды жүзеге асырады;

2) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық комиссиялар құрады, олардың қызметін ұйымдастырады;

3) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын өз құзыреті шегінде үйлестіруді және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

## 4. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Ескерту. 4-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 5. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және аумағынан әкетуге қойылатын біліктілік талаптары

43. Жалпы ережелер:

1) Тізімнің I, II, III және IV кестелеріне енгізілген есірткі құралдарын, психотроптық заттармен прекурсорларды Қазақстан Республикасына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді заңнамада белгіленген тәртіпте, бекітілген квоталар шегінде және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, Комитет Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің келісімі бойынша берген осы қызмет түріне лицензиясы бар заңды тұлғалар жүзеге асырады;

2) лицензияда Тізімнің I, II, III және IV кестелеріне әкелінетін (әкетілетін) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың қолданылу мерзімі, мөлшері, әкелу (әкету) бір топтаманың немесе бірнеше топтаманың көмегімен жүзеге асырылатыны көрсетіледі. Егер әкелу (әкету) лицензияда көрсетілген мерзімде жүзеге асырылмаса, лицензияның күші жойылады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

44. Әкелуге және әкетуге қойылатын талаптар:

1) <*>

2) әкелуге (әкетуге) Рұқсат алу үшін өтініш беруші Агенттікке мынадай құжаттарды табыс етеді:

өтініш (5-қосымша);

беруге келісім-шарттың көшірмесі;

комиссия шартының көшірмесі (егер өтініш беруші ретінде делдал болса);

тұтынушымен жасалған шарттың көшірмесі;

есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы сараптау қорытындысы (дәрі-дәрмек құралдарын әкелінген жағдайда);

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің келісім-хаты (дәрі-дәрмек құралдары болып табылмайтын прекурсорларды әкелу жағдайында);

2-1) Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың кеден одағына кірмейтін мемлекеттерден бақыланатын заттарды әкелген жағдайда өтініш беруші Импортқа (экспортқа) лицензия (бұдан әрі - Импортқа (экспортқа) лицензия) алу үшін Комитетке мынадай құжаттарды табыс етеді:

лицензия беру туралы өтініш (20-қосымша);

өтініштің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі, қосымшалар және (немесе) оған толықтырулар;

салық органына есепке қойылғаны туралы құжаттың көшірмесі;

егер осындай қызмет түрі бірыңғай кеден аумағында лицензиялануы енгізілген тауарлардың айналымына қатысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сараптамалық қорытындысы (дәрілік заттарды әкелген жағдайда);

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің келісім хаты (дәрілік заттар болып табылмайтын прекурсорларды әкелген жағдайда);

мемлекеттік баждың (лицензиялық алым) төленгенін растайтын құжат.

Импортқа (экспортқа) лицензия беру және оның телнұсқасын ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Лицензияны бақылаудан алған кезде тиісті кеден органы 5 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге оның жазбаша өтініші негізінде лицензияның орындалғаны туралы анықтама береді.

Лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін лицензиат 15 күн ішінде Комитетке лицензияның орындалғаны туралы анықтама беруге міндетті.

Құжаттардың ұсынылған көшірмелерінің әрбір парағына өтініш берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылуы тиіс немесе құжаттардың көшірмелері тігіліп, өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылуы тиіс.

Импортқа (экспортқа) лицензия өтініш беруші Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде лицензия берілгені үшін алынатын мемлекеттік баждың (лицензиялық алымның) төленгенін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін беріледі.

3) Агенттік БҰҰ Конвенцияларында көзделген қосымша құжаттарды сұратып алуға құқылы.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.03 N 893,

2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

45. Әкелуге (әкетуге) рұқсаттың қолданылу мерзімі алты айды құрайды. Импортқа (экспортқа) лицензия күнтізбелік жылға ресімделеді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1246 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

46. Басқа заңды тұлғаның қызметтің аталған түріне лицензиясы болуына қарамастан, оған әкелуге (әкетуге) берілген Рұқсатты/Импортқа (экспортқа) лицензияны беруге болмайды.

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1246 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

47. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды және прекурсорларды әкелу (әкету) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен кеден шекарасынан өткен кезде:

1) "есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке (есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелумен (әкетумен) айналысуға) лицензияны;

2) бақыланатын заттарды әкелуге (әкетуге) рұқсатты/Импортқа (экспортқа) лицензияны (1-қосымша);

3) кедендік жүк декларациясын;

4) дайындаушы зауыттың сапа сертификатын көрсеткен ретте жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23 N 695, 2003.09.03 N 893, 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

48. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуді ( әкетуді) жүзеге асыру кезінде Әкелуге (әкетуге) рұқсаттың/Импортқа (экспортқа) лицензияның бланкілері тауардың нақты топтамасының түскені немесе жөнелтілгені туралы белгі қою және әкелу (әкету) бойынша операцияны аяқтау үшін кеден органдарына ұсынылады. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке арналған лицензияның түпнұсқасы, сондай-ақ Әкелуге (әкетуге) рұқсаттың данасын/ Импортқа (экспортқа) лицензияның нотариалдық куәландырылған көшірмесі жүктерді ресімдеу жүргізілетін кеден органдарына ұсынылады. Қызмет түріне арналған лицензияның көшірмесі және Әкелуге (әкетуге) рұқсаттың түпнұсқасы/ Импортқа (экспортқа) лицензия алушы (жіберуші) елдің уәкілетті органына

жіберіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

49. Әкелуді (әкетуді) жүзеге асыратын заңды тұлға есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды нақты әкелу (әкету) туралы есепті екі данада жасайды (6-қосымша). Әкелу (әкету) жүргізілген кеден органы лауазымды адамының қол қоюымен және жеке нөмірлі мөрімен куәландырылған есептің бір данасы кеден бекетінде қалдырылады, екіншісі тауарларды әкелу (әкету) кезінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы нақты алып өткеннен кейін оған ішкі кеден құжатының көшірмесі қоса тіркеліп, үш күнтізбелік тәулік ішінде Агенттікке табыс етіледі.

50. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкелу және әкету кезінде кедендік ресімдеу туралы ақпаратты ай сайын Агенттікке жіберіп отырады.

51. Қазақстан Республикасында тіркелмеген құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар заттарды соның ішінде дәрі-дәрмек құралдарын сараптамадан өткізу және үлгілер үшін, клиникалық сынақтар жүргізу үшін тест-эталондарды әкелуге (әкетуге) Агенттіктің рұқсаты бойынша жүргізіледі (7-қосымша). Тест-эталондарды әкелуге (әкетуге) рұқсат алу үшін өтініш беруші Агенттікке мынадай құжаттарды табыс етеді:

1) өтініш (8-қосымша);

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің толық көлемде клиникалық сынақтар жүргізу үшін қажетті дәрі-дәрмек препараттарының мөлшерін көрсеткен келісім-хаты.

52. Қазақстан Республикасында тіркелмеген құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрі-дәрмек құралдарын сараптамадан өткізу және үлгілер үшін, клиникалық сынақтар жүргізу үшін тест-эталондарды әкелу (әкету) кеден шекарасынан өту кезінде:

1) Агенттіктің тест-эталондарды әкелуге/әкетуге рұқсатын (10- қосымша);

2) кедендік жүк декларациясын;

3) дайындаушы зауыттың сапа сертификатын дәрі-дәрмектер үшін көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

53. Қызметкерлер:

1) заңды тұлғаның басшысы әкелу (әкету) талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде дербес жауапты болады;

2) есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға рұқсат берілетін мамандықтар тізбесі заңнамада белгіленеді;

3) есірткі құралдарына, психотроптық заттармен және прекурсорлармен жұмыс істеуге рұқсаты бар адамдардың тізімі тізімде көрсетілген адамдарды тиісті тексеруі туралы қорытынды беретін аумақтық ішкі істер органдарымен келіседі (2-қосымша);

4) есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға рұқсат адамдарға нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы маскүнемдікпен ауруының жоқтығы туралы, сондай-ақ олардың ішінде жоғары қауіп көзіне байланысты кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін орындауға жарамсыз деп танылған адамдардың жоқтығы туралы психиатр және нарколог дәрігерлердің қорытындыларын алуы тиіс (3-қосымша).

54. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

Әкелу немесе әкетуді жүзеге асыратын кәсіпорында қызметтің осы түрін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиісті құжаттардың жинақтамасы болуға тиіс.

## 6. Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар өндіруге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 6-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 7. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды сатуға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 7-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 ( ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 8. Құрамында есірткі құралдары психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрі-дәрмектік өсімдіктерді өсіруге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 8-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 9. Бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды сақтау тәртібіне қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 9-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 10. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды жоюға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 10-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24. N 735 ( ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 11. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар өсімдіктерді ұқсатуға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 11-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 12. Есірткі, психотроптық заттарды және прекурсорларды пайдалануға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 12-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 13. Жаңа есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды әзірлеуге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 13-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 14. Есірткі құралдардан, психотроптық заттардан және прекурсорлардан тұратын өсімдіктерді жинауға және дайындауға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 14-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**15. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды сатып алуға қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. 15-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**16. Есірткі құралдарды, психотроптық заттарды және прекурсорларды жөнелту тәртібіне қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. 16-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.24 N 735 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**17. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне қойылатын біліктілік талаптар.**

Ескерту. Бөліммен және 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164 және 165 тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 947 қаулысымен.

154. Жалпы ережелер.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Комитет берген Транзитке рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады (13, 14, 15-қосымшалар).

Транзитке рұқсат - құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар өнімдерді онда көрсетілген мерзімде бір рет өткізуді жүзеге асыруға рұқсат беретін құжат және көлік құралдары мен жүкке рұқсатсыз қол жеткізуге жол бермеу және тиісті қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру мақсатында кіру мен шығу пункттерінде және басқа да кедендік бақылау аймақтарында коммерциялық тасымалдаушылар мен тиісті органдар арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге негіз болады.

Транзитке рұқсатта мыналар көрсетіледі:

1) импорттаушы заңды тұлғаның деректері;

2) экспорттаушы заңды тұлғаның деректері;

3) соңғы жүк алушының деректері;

